

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ  
БАЛАЛАРДЫ ЕРТЕ ДАМУЫ ИНСТИТУТЫ**



**«МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМ ЖАҒДАЙЫНДА БАЛАЛАРҒА  
ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ»  
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ  
«ЭКОЛОГИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ В УСЛОВИЯХ  
ДОШКОЛЬНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ»**

**Астана 2023**

*Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
Балаларды ерте дамыту институты базасында әзірленген*

«Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға экологиялық тәрбие беру»  
әдістемелік ұсынымдар. – Астана, 2023. – 40 бет.

**Пікір жазғандар:**

С. Н. Жиенбаева п.ғ.д., профессор;

Г. Тубаева меңгеруші;

Ж. Тымбаева әдіскер.

«Мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға экологиялық тәрбие беру»  
әдістемелік ұсынымдарда мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларға  
экологиялық тәрбие беру бойынша ұсынымдар қарастырылады.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйым педагогтеріне арналған.

Әдістемелік ұсынымдар Балаларды ерте дамыту институтының Ғылыми-  
әдістемелік кеңесінде қаралып, ұсынылған (2023 жылғы 24 қарашадағы №10  
хаттама).

Балаларды ерте дамыту институты, 2023 жыл

## ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

Қазіргі уақытта мектепке дейінгі педагогикада балаларға экологиялық тәрбие беруге ерекше мән берілуде. Экологиялық түсініктерді қалыптастырудың маңызды шарттарының бірі – балалардың табиғаттағы заттар мен құбылыстарды тікелей бақылауы. Сондықтан тәрбиеленушілердің танымын кеңейтетін өсімдіктер мен жануарларды бақылауға, табиғатпен байланыс орнатуға, ал педагогтерге толыққанды экологиялық білім беруді жүзеге асыруға мүмкіндік беру қажет. Экологиялық тәрбиені мектепке дейінгі жастан бастау қажет, осы кезеңінде бала табиғат туралы эмоционалды әсер алады, өмірдің әртүрлі нысандары туралы түсініктерді жинақтайды, яғни экологиялық ойлаудың, сананың негіздері қалыптасады, экологиялық мәдениеттің бастапқы элементтерінің негізі қаланады.

Қоршаған ортаның жаһандық проблемалары және балаларды табиғатқа жауапкершілікпен қарауға үйрету, тәрбиеленушілер арасында экологиялық сананы қалыптастыру қазіргі уақытта өзекті және өте маңызды мәселелердің бірі болғандықтан, мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін Әдістемелік ұсынымдар әзірлеудің өзекті болып табылады.

Мектепке дейінгі жаста баланың табиғатқа деген көзқарасын одан әрі айқындауға, оған жанашырлық танытуға және өзекті экологиялық мәселелердің көпшілігін шешуде белсенді әрекет етуге көмектесетін экологиялық ұстанымдар қалыптасады. Бала бойына тәрбиені сіңіре отырып, өзіне жақын адамдардан білім алады және дамиды, табиғатқа жанашырлық танытуды үйренеді, не істеуге болатынын және не істеуге болмайтынын түсіне бастайды.

Мектепке дейінгі бағдарламаның мазмұнына экологиялық міндеттерді енгізудің және балаларда экологиялық сананы дамыту үшін, оның ішінде табиғи жағдайларда экскурсиялар, табиғат және экология мәселелері бойынша практикалық сабақтар өткізудің, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту құралдар жинағын қалыптастырудың маңызы зор.

Әдістемелік ұсынымдар мектепке дейінгі ұйымдардағы балаларға экологиялық тәрбиелеу саласында жүргізілген зерттеулерге шолу болып табылады, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту бағдарламаларында жоғары экологиялық білім берудің әртүрлі тәсілдерін талдайды және осындай тәсілдердің тиімділігін қарастырады.

Әдістемелік ұсынымдардың мақсаты тәрбиеленушілерге экологиялық сана мен табиғаттағы тәрбиеленушілердің мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру мәселелерінде әдістемелік көмек көрсету болып табылады.

Бұл материал мектепке дейінгі ұйым жағдайында балаларды экологиялық тәрбиелеу бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтері үшін құрал және әдістемелік нұсқаулық болып табылады.

## КІРІСПЕ

Ерте жастан бастап бала айналасындағы әлемді мағыналы түрде танып біле бастайды, адамдарға белгілі бір пікір мен көзқарас қалыптасады.

Қазіргі экологиялық білім [1] елдегі мектепке дейінгі педагогиканың ерекше бағыты ретінде бірнеше компоненттер негізінде қалыптасады.

Бұл компоненттерде :

- балалардың табиғатта бақылау жүргізіп, экскурсияға қатысуына негізделген отандық педагогика үшін дәстүрлі әдістер;
- халықтық дәстүрлер: халықтық мерекелер, ойындар, ертегілер;
- әлемдік тәжірибе: тәрбиеленушілерге экологиялық білім беру жалпы тәжірибесінде шетелдік технологиялар сирек кездеседі.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие мен білімі беру жүйесі, құндылық бағдарларын қалыптастыруға, табиғатқа жауапкершілікпен қарауға бағытталған тұлғаны тәрбиелеу мен оқытудың, дамытудың үздіксіз процесі деп аталады [2].

Экологиялық тәрбиенің мақсаты балаларда экологиялық мәдениеттің бастапқы нысандарын тәрбиелеу, олардың табиғаттағы қарапайым қатынастарды түсінуі, қоршаған ортаның табиғи объектілерімен адамгершілік-эмоционалды өзара әрекеттің алғашқы практикалық дағдыларын қалыптастыру болып табылады [3].

Міндеттері: мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістерін қарастыру, экологиялық бағыттағы әрекет түрлері мен мектеп жасына дейінгі балаларға отбасында экологиялық тәрбие беру жүйесін сипаттау.

Әлемдегі экологиялық проблемалардың туындауы халықтың экологиялық санасын, табиғатты пайдалану мәдениетін қалыптастыру бойынша қарқынды ағарту жұмыстарын қажет етеді.

Бұл жұмыс үздіксіз білім беру жүйесінің бастапқы буыны – балабақшада басталады [4]. Мектепке дейінгі балалық шақ – адамның жеке басын қалыптастырудың бастапқы кезеңі, оның қоршаған әлемдегі құндылық бағдары.

Қоғамдық өмірдің барлық салаларын экологияландыру процесі әрбір жеке адамның экологиялық санасын, оның экологиялық мәдениетін қалыптастырудан басталады.

Қазір жас ұрпақтың экологиялық біліміне оның дамуының барлық кезеңдерінде, атап айтқанда, бастапқы кезеңіне қойылатын талаптар артып келеді.

Бұл процесте мектепке дейінгі ұйымдар ерекше рөл атқарады.

Қазіргі уақытта балаларды тәрбиелеу мен дамытудың көптеген вариативті және балама бағдарламалары мектепке дейінгі ұйымдарда іске асыру үшін ұсынылады. Олар тәрбиешіге мектепке дейінгі білім беру алдында қойылған мәселелерді, атап айтқанда мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру мәселелерін шешуге көмектеседі [5].

## ТАБИҒАТТА ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САНАСЫ МЕН МІНЕЗ - ҚҰЛЫҚ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Соңғы онжылдықтарда психологиялық-педагогикалық зерттеулер мектепке дейінгі жаста экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыруға болатындығын көрсетті [5]. Тірі табиғаттың жетекші заңдылықтарын көрсететін нақты білім жүйесі экологиялық мәдениеттің бастапқы буыны болып табылады [7].

Шетелдік ғалымдардың зерттеулері бойынша тұлғаның негізгі қасиеттерін қалыптастыру үшін қолайлы кезең мектепке дейінгі жастан мектепке бару кезеңі болып табылады [5]. Бала осы жаста қоршаған ортаны тез қабылдайды және өз бетінше танып білуге және өзін бақылау элементтері дами бастайды, бұл тәрбиеленушіге сана мен іс-әрекет дербестігінің белгілі бір деңгейін қамтамасыз етеді [6]. Баланың табиғатпен қарым-қатынас процесінде алған дағдысы жануарлардың мінез-құлқындағы, өсімдіктердің жай-күйіндегі нақты жағдайларды түсінуге, оларды дұрыс бағалап, жауап беруге ықпал етеді.

Экологиялық тәрбие мен оқыту қоғамның экологиялық мәдениетімен диалектикалық өзара байланысты элементтерді: экологиялық сана, экологиялық дүниетаным және экологиялық әрекет жүйесін құрайды [7].

Мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениеті [5]:

- табиғатқа қызығушылық және оны қорғау мәселелері;
- табиғи объектілер туралы білім, оларды қорғау әдістері, тірі табиғатты қорғау;
- табиғатқа қатысты моральдық және эстетикалық сезімдер;
- табиғи ортаға қатысты экологиялық сауатты әрекет (ересектермен бірге);
- табиғи ортадағы тұлғаның іс-әрекеті мен мінез-құлқын анықтайтын мотивтер компоненттерімен айқындалады.

Тұлғаның сапасы ретінде экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру:

- білімнің қалыптасуы және табиғатқа қарым-қатынасы, оның адам өмірі үшін маңызын;
- ойын арқылы зияткерлік және практикалық дағдыларды қалыптастыруды;
- экологиялық сипаттағы құндылық бағдарларын тәрбиелеуді;
- орынды мінез құлық пен іс-әрекетті қалыптастыруды;
- ойын барысында адамгершілік қарым-қатынас қабілетін қалыптастыруды;
- қоршаған ортаны қорғау бойынша белсенді тәжірибелік іс-шараларға қатысуды қамтиды [7].

Осылайша, балалардың табиғатқа саналы түрде дұрыс қатынасы табиғатты сенсорлық қабылдауға, оған эмоционалды қатынасқа және жеке тіршілік иелерінің ерекшеліктері, өсуі мен дамуы, кейбір биоценоздар, тірі ағзалардың

қоршаған орта факторларына бейімделу тәуелділігі, табиғи қауымдастықтар ішіндегі өзара байланыс туралы білімге негізделген.

Мектеп жасына дейінгі балаларда өз өңірінің (қала, ауыл) қоршаған ортасына эмоционалды оң қарым-қатынас қалыптастыру, оның экологиялық проблемалары туралы хабардар болу деңгейін арттыру, туған өлкенің табиғи ресурстарына қамқорлық жасау, оларды ұтымды пайдалану және қалпына келтіру, сонымен бірге жаңа дәстүрді қолдау – қалдықтарды тиімді қайтадан пайдалану («пайдаланылған қалдықтарға екінші өмір сыйлау»).

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ ӘДІСТЕРІ МЕН ТӘСІЛДЕРІ

Тәрбиеленушілерге экологиялық тәрбие беру негіздерін қалыптастыру – зияткерлік және эмоционалды компоненттерді қамтитын табиғатқа саналы көзқарастың қалыптасуы болып табылады [6].

Зерттеушілер [5] мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің келесі (1-кесте):

- тәрбиеші мен балалардың тіршілік иелері үшін қажетті өмір сүру жағдайларын жасау және қолдау бойынша бірлескен әрекеті, балаларға экологиялық тәрбие берудің негізгі әдісі ретінде;
- бақылауды табиғатты сезіп тану әдісі ретінде;
- модельдеу әдісін;
- ойынды эмоционалды әрекет ретінде;
- ауызша әдістерін ұсынады.

*1 -кесте – Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері*

№	Әдіс	Сипаттама	Қосымша сипаттама
1	Тәрбиеші мен балалардың тіршілік иелері үшін қажетті сүру жағдайларын жасау және қолдау бойынша бірлескен әрекеті	Балаларға экологиялық тәрбие берудің басты әдісі. Балаларда практикалық біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.	Нысандарды қадағалау (өсіру нәтижелері) қалыптасқан дағдыларды реттеуге мүмкіндік береді және түсіну сипатын қамтамасыз етеді. Экологиялық тәрбие беруде осы әдіс модельдеу етімен үйлескенде жақсы нәтижелерге қол жеткізеді. Заттарға қамқорлық жасау, оларды жөндеуге және жаңартуға тәжірибе жүзінде қатысу балаларда қажетті дағдыларды дамытуға ықпал етеді.
2	Бақылау	Табиғатты сезіп тану әдісі	Табиғатпен, тірі объектілермен, қоршаған ортамен тікелей

			байланысты қамтамасыз етеді.
3	Моделдеу әдісі	Экологиялық тәрбие жүйесінде маңызды орын алады	Табиғат күнтізбелерімен жұмыс істеу, бейнелеу өнімдерімен танысу, кәсіпқойлар жасаған өнер туындыларын (көркем суреттер, музыкалық және әдеби шығармалар), табиғат мотивтері бейнеленген халықтық колөнер бұйымдарын қабылдау — балалардың табиғатпен тікелей байланыста болған кезде алған түсініктерін нақтылауға, бекітуге және кеңейтуге мүмкіндік береді.
4	Ойын	Эмоционалды әрекет. Ойын арқылы балаларды табиғатпен таныстырады, балалармен бірге өсімдіктер мен жануарларды бақылайды, тәжірибеде өзара әрекетті үйрететін тапсырмалар беріледі, тәрбиешімен эмоционалды қарым-қатынас орнатылады.	Ойнап жүрген бала жақсы көңіл-күйде, өзара белсенді қарым-қатынаста болады және бір-біріне жанашырлық танытады. Ойын арқылы табиғатпен таныстыру, балаларды сүйікті етпен айналысуға, «табиғат» мазмұнын қабылдау үшін қолайлы эмоционалды жағдай жасауға мүмкіндік береді, бұл экологиялық тәрбие беруде негізгі нәтиже болып табылады.
5	Ауызша әдіс	Ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуде дербес әдіс ретінде айқындалады	Диалог (әңгіме, талқылау) табиғат туралы және ондағы адамдардың іс-әрекеті туралы нақты түсініктерді қалыптастыруға және мүмкіндік береді. Монолог (педагогтің әңгімесі, кітап оқу) мектеп жасына дейінгі балалардың білім аясын кеңейтеді, балалармен әңгімелесу табиғаттағы байланыстарды түсінуді қалыптастырады, мектеп жасына дейінгі балалар оның заңдылықтары туралы білетін болады.

Бақылаудың маңызы табиғи объектілерді сипап - сезу арқылы тану, оларды қабылдаудың әртүрлі нысандары – көру, есту, тактильді, иіс сезу және т. б. арқылы тану болып табылады.

Кіші жастағы балалармен үнемі табиғаттағы өзгерістерді: күн мен жаңбырды, мысық пен итті, мектепке дейінгі ұйымның ауласына ұшып келетін құстарды, әйнектегі жаңбыр тамшыларын бақылау ұсынылады. Ал ересек жаста түрлі ауа-райында аспанның түсі қалай өзгередінін, бұлттардың пішінін, жануарларды, жәндіктер мен құстарды, өлі табиғат құбылыстарын бақылауға болады. Ағаштарды, бұталарды (жапырақтардың түсінің өзгеру уақыты, бүршіктердің пайда болуы), құстарды бір-бірімен (сыртқы түрі, дағдылары, жылы жаққа ұшып кететін және қыстайтын) салыстыру жүргізіледі. Бақылау, серуен, экскурсия балаларға ойлануға мүмкіндік береді. Оларда «неге?», «не үшін?», «неліктен?» деген сұрақтар туындайды.

Тәрбиеленушілердің қоршаған әлемді, табиғат құбылыстарын тануы тек бақылау арқылы ғана жүзеге асырылып қоймайды, сондай-ақ модельдеу әрекетінің де ықпалы зор болып келеді. Модель – бұл бір нәрсенің заттық, графикалық немесе әсерлі бейнесі. Мектеп жасына дейінгі балалармен түрлі модельдер құруға және қолдануға болады:

- табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау күнтізбесі;
- өсімдіктердің өсуі мен дамуын бақылау күнтізбесі;
- құстарды бақылау күнтізбесі.

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің негізгі әдістерінің бірі - ойын. Ойында балаға шаршамай, шамадан тыс жүктеме түсірмей, эмоционалды күйзеліссіз көптеген мәселелерді шешуге мүмкіндік беріледі. Барлығы жеңіл түрде, ең бастысы, балалардың қызығушылық, көтеріңкі көңіл-күй танытуымен өтеді. Ойында балалар табиғатта өзін ұстаудың мінез-құлық ережелерін, сондай-ақ жауапкершілік, көмек көрсету, жанашырлық сияқты моральдық нормаларды жеңіл меңгереді. Балалар дидактикалық ойындарды ықыласпен ойнайды (2-кесте).

*2-кесте - Дидактикалық ойындардың түрлері*

№	Ойын	Сипаттама	Ескерту
1	Саяхат - ойын	Балаларға әсер ырады, айналасындағы заттарға назар аударады. Саяхат – ойын зерттеу, қиындықтарды жеңу қабілетін күшейтеді. Бұл ойындарда танымдық мазмұнды ашудың көптеген әдістері: міндеттер қою, оны шешу жолдарын түсіндіру, тапсырмаларды кезең-	Ересек топтың балаларына ойындарда кез-келген ертегі кейіпкерін, «Қысқы елге саяхат» ойынындағы Қар ханшайымы елінен Көктемді азат ету сияқты процесс ұнайды. Сызба бойынша Қар ханшайымы қойған қызықты тапсырмалары бар аялдамалар орналасқан картамен әрекет ету. Тапсырмаларды орындау



		кезеңімен шешу және т.б. ойын әрекеттерімен қолданылады.	кезінде балалар қыстың белгілерін қайталайды, табиғатпен өзара байланыс орнатады. Осылайша, балалардың Ұйымдастырылған іс-әрекеттерде, серуендерде, бақылауда алған білімдері тексеріледі.
2	Тапсырма-ойын	Мазмұны қарапайым, ал ұзақтығы қысқа ойын. Ойын барысында заттармен, ойыншықтармен әрекет етіледі, ауызша тапсырмалар беріледі. Бұл әртүрлі ойындар балалардың қызығушылығын туғызады.	Ортаңғы топ балаларына кейіпкерлер немесе ертегілердің кейіпкерлері әкелетін заттармен (мысалы, көкөністер: сәбіз және шалқан) әрекеттерді орындағанды ұнатады: аю шалқанды жақсы көреді, оны себетіне жинау керек, ал қоян сәбізді жинайды. Ойында балалар көкөністердің атауын, оларды ажырата білу және сенсорлық сипаттамалар беру қабілетін бекітеді. Балалардың ең сүйікті ойындары – «Жұптар» лотосы. Ересек жастағы балалар өздері қатысқан ойындармен қуана ойнайды. Мысалы, «Пияздың өсу тізбегі» ойынын алайық. Балалар пияздың өсуін лап, оның өсу кезеңдерін карточкаларға салады, содан кейін оларды ойында пайдаланады.
3	Ұсыныс-ойын: («не болар еді ...»).	Ойынның міндеттері айқындалады, балаларға әртүрлі әрекетті түсінуге жағдаяттар беріледі. Ересек топтың балаларына: «Егер су жоғалып кетсе не болар еді?»-деген сұрақтар қойылады.	Балалар суға мұқтаж жануарлар мен өсімдіктер әлемі және судың жоғалуының салдары туралы көлемді жауаптар береді. Ойында келесідей сұрақтар: «егер сынған бұтақты байқасаң; көшеде марғау көрсең; бала қоқысты тастады, сен не істер едің?», «егер қолыңды жумай тамақ ішсең?». Бұл сұрақтар балалардың ақыл-ой белсенділігін арттырады, олар бір-бірін тындауға үйренеді. Байланыстырып сөйлеу қабілеті дамиды.
4	Жұмбақ-ойын:	Жұмбақ-ойын балалардың	Ересек топ балалары

		білімін толықтырады, тапқырлыққа тәрбиелейді. Жұмбақтарды шешу талдау, жалпылау қабілетін дамытады, ойлау, қорытынды жасау қабілетін қалыптастырады. Түрлі жас тобының балалары жұмбақтар шешкенді ұнатады, балаларға жануарлар туралы жұмбақтар көбірек ұнайды.	ендалық ойындарға ығушылық танытады. Ойын ісында өзара көмек, ойынның атына жетудегі табандылық алады. Ойындар әр түрлі болуы кін: «Сары не?», «Дөңгелек », «Қыста не болады?», «Ұшады- айды», «Үй жануарлары немесе йы».
5	Әңгіме - ойын	Әңгіме – ойын арқылы балалар қарым-қатынас жасайды, мейрімділік, жанашырлық танытуға үйренеді. Бұл ойын эмоционалды және ойлау процестерін арттыруға талаптар қояды. Ол сұрақтар мен жауаптарды тыңдай білуге, мазмұнын түсінуге, толықтыруға, ойын айтуға тәрбиелейді.	Ойындар келесідей болуы мүмкін: «Сөйлемді аяқта: « күзде қысқа жем жинайды, себебі...», «Құстар ұша алады, себебі...», « Көктемде ағаштар бүршік жарады...». Немесе: «Лимон сары, қияр...», «Түймедақ ақ, ал кекіре гүл ...», « Көктемде ағаштарда жапырақ өседі, ал күзде...», «Жазда жаңбыр жауады, ал қыста...», «Көз керек ...».

Ойын әрекетімен қатар, баланың тұлғасын дамытуда білім, біліктер мен дағдыларды меңгеру процесі ретінде білімді баланың өз бетінше немесе ересектің басшылығымен алуына ықпалын тигізетін зерттеу әрекетінің маңызы зор. Қоршаған әлемнің заңдылықтары мен құбылыстарын танудың тиімді әдістерінің бірі - эксперимент әдісі.

Мектепке дейінгі ұйымның негізгі міндеті - баланың зерттеуге, жаңаны меңгеруге деген қызығушылығын қолдау және дамыту, бұл үшін қажетті жағдайлар жасау.

Балабақшада эксперимент әрекеті бойынша міндеттерді шешу шарттарының бірі-заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру. Дамытушы орта балаға айналасындағы заттармен, құбылыстармен танысуына әсер етеді. Дамытушы құрал ретінде ортаға қойылатын негізгі талаптар - белсенді дербес балалар әрекетінің дамуын қамтамасыз ету.

Эксперимент бұрышының міндеттері:

- бастапқы жаратылыстану түсініктерін,
- байқағыштықты,
- қызығушылықты,
- белсенділікті,

- ойлау операцияларын (талдау, салыстыру, жалпылау, жіктеу, бақылау) дамыту;

- затты кешенді зерттеу дағдыларын қалыптастыру.

Топтағы эксперимент бұрышын жабдықтау талаптары:

- балалардың өмірі мен денсаулығы үшін қауіпсіз болуы;

- материалдардың жеткілікті болуы;

- материалдардың орналасу мүмкіндігі.

Эксперимент әрекеті бұрышында (шағын зертхана, ғылым орталығы) мыналар бөлінуі керек:

1) мұражай, түрлі коллекциялар орналастырылатын тұрақты көрмеге арналған орын. Экспонаттар, сирек кездесетін заттар (қол жуғыштар, тастар, кристалдар, қауырсындар және т. б.);

2) аспаптарға, материалдарға арналған орын (табиғи, «қалдық»);

3) тәжірибелер жүргізуге арналған орын;

4) құрылымдалмаған материалдарға арналған орын (күм, су, ағаш үгінділері, пенопласт және т.б.).

Сондай-ақ, балаларды тәрбиелеу мен оқытуды ұйымдастырудың бір нысаны ретінде экологиялық тәрбие бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің нақты белгілі бір және өте маңызды функциясы бар. Күнделікті өмірде мектеп жасына дейінгі балалармен әртүрлі жұмыс жүргізу оларға қоршаған табиғат туралы нақты түсініктерді жинақтауға мүмкіндік береді. Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында балалар табиғатта болатын экологиялық байланыстарды орнатады. Бұл түсініктерсіз табиғи процестерге араласудың ықтимал салдарын болжау қиындық келтіреді. Қазіргі экологияны әртүрлі деңгейдегі тірі жүйелердің қоршаған ортамен өзара байланысы, адам мен табиғаттың өзара әрекеті туралы ғылым ретінде анықтауға болады. Бұл байланыстарды білмей тұрып, толыққанды экологиялық тәрбие беру мүмкін емес. Табиғаттың кейбір объектілерінде оларсыз табиғат әрекет ете алмайтынын көрсету керек (мысалы, егер масалар болмаса не болар еді). Балалар әртүрлі нысандар арқылы негізгі экологиялық түсініктерді меңгере алады. Ұйымдастырылған іс-әрекеттерді ғылыми деректерге негіздемей-ақ, ертегі кейіпкерлерін тарту арқылы өткізуге болады, мысалы, «Орман» тақырыбы бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетті орманшы, «Көл» тақырыбы бойынша - балық ертегі кейіпкерлері өткізуге көмектесе алады.

Ұйымдастырылған іс-әрекет барысында көркем әдебиетті қолдануға болады. Табиғат туралы көркем әдебиет балалардың сезімге берілуіне әсер етеді. (ҚР БҒМ 2020 жылғы 22 мамырдағы №216 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесіне енген әдебиеттерді пайдалану қажет). Көркем әдебиетті оқып болғаннан кейін балалармен әңгімелесу, сұрақтар қою ұсынылады. Сондай-ақ, балалардың қиялға деген ұмтылысын қолдануға болады. Балалар әдебиеті туындыларын шеберлікпен ұсыну, экологиялық мазмұндағы дәстүрлі ойындар, экскурсиялар, ертегілер, әңгімелер құрастыру, табиғатта және

табиғат бұрышында, қысқы бақтарда (бар болса) бақылау жүргізу – бұл нысандардың барлығы балаларды экологиялық заңдылықтармен таныстыруға мүмкіндік береді. Ұйымдастырылған іс-әрекет үшін көрнекі құралдарды пайдалану ұсынылады: табиғат туралы суреттер, альбомдар, кескіндеме туындылары, тастар жиынтығы, өсімдік тұқымдары, гербарий, ойын материалы және т.б. Көбелектер мен қоңыздардың коллекцияларын жинауға болмайды, өйткені бұл экологиялық тәрбие қағидаларына қайшы келеді. Қоршаған ортаның ластануы туралы мәселе өте өзекті болып келеді. Балалар бұл тақырыпты қызу талқылайды, кінәлі адамдарды айыптайды, айналасындағылардың теріс мінез-құлқын байқайды.

Экологиялық тәрбие беру тәрбиеленушілердің отбасымен тығыз байланыста жүргізілуі тиіс.

1) балаларды гүлдерге, ағаштарға, бұталарға және барлық тіршілік иелеріне ұқыпты қарауға үйрету;

2) құстар мен жануарларға қамқорлық таныту;

3) балаларды қоршаған табиғаттың сұлулығын көруге үйрету.

Экологиялық тәрбие бойынша әрекет нысандары:

- жеке нысандар;
- топтық нысандар;
- бұқаралық нысан.

Бұл нысандардың барлығы өзара тығыз байланысты, бір-бірін толықтырады және жетілдіреді. Олардың әрқайсысы педагогтің басшылығымен балалардың тәжірибелік жұмысына негізделген, сондықтан қандай да бір нысанды таңдағанда балалардың дайындық және даму деңгейін, жас және жеке ерекшеліктері мен қызығушылықтарын ескеру қажет. Алдағы іс-әрекетке қызығушылықты арттыру үшін балалар алдағы жұмыстың перспективасын жоспарлау мен өткізуді талқылауға қатысады.

Балалардың *жеке жұмысты* орындауы тиісті педагогикалық әсер береді. Оны ұйымдастыру жекелеген сараланған тәсілді, әрбір тәрбиеленушінің психологиялық ерекшеліктерін білуді талап етеді.

*Топтық және бұқаралық нысандарға (3-кесте):*

- экологиялық мерекелер;
- экологиялық ойындар;
- экологиялық жарыс ойындары;
- рөлдік экологиялық ойындар;
- еліктеуші (имитациялық) экологиялық ойындар жатады.

Мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің (лицейлер мен гимназиялардың) мектепалды сыныптарында экологиялық мәдениетті қалыптастыру бойынша әрекет түрлерінің нысандары мен әдістері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес болуы тиіс.

*3-кесте – Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру бойынша әрекеттің топтық және бұқаралық нысандары*

№	Нысандар	Сипаттама	Үлгілер
1	Экологиялық мерекелер	Белгілі бір күнге орайластырылған экологиялық іс-шаралар жиынтығы	Викториналар, қабырға газеттерін, альбомдарды, көрмелерді безендіру
2	Экологиялық ойындар	Қатысушылардың ерекше (ойын) әрекетін өрістетуге негізделген, мотивацияның жоғары деңгейін, танымдық қызығушылықтың және эмоционалды қатысуға ынталандыратын ойындар, бұл мектеп жасына дейінгі балалардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруда маңызды.	
3	Экологиялық жарыс ойындар	Қатысушылардың экологиялық білімді көрсету, білік пен дағдыларды меңгеру белсенділігін ынталандыруға негізделген ойындар.	Аукцион - конкурс, табиғатты қорғау бойынша жобалар конкурсы, марафон-конкурс, экологиялық викториналар
4	Рөлдік экологиялық ойындар	Экологиялық іс-әрекеттің әлеуметтік мазмұнын модельдеуге негізделген ойындар	
5	Имитациялық экологиялық ойындар	Экологиялық шындықтың және экологиялық әрекеттің заттық мазмұнын модельдеуге негізделген ойындар	

Табиғатқа жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру, экологиялық проблемаларды әлеуметтік және жеке маңызды деп сезіну мақсатында өткізілетін тәрбие шаралары экологиялық тәрбие тұрғысынан тиімді болуы мүмкін [8].

### «ҚОҚЫСТЫ» СҰРЫПТАУ МӘДЕНИЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Қоқыс мәселесі – қазіргі кездегі ең өзекті мәселелердің бірі. Оның әрқайсымызға қатысы бар. Қоқыс төгетін орын мен қоқыс жиынтығы экологиялық қауіптің маңызды көзі болып табылады. Бұл мәселені шешуде тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарында экологиялық сауатты мінез-құлықты қалыптастыру үлкен рөл атқарады.

Қоқыс күн сайын қалада, елді мекенде, көшелерде, қоғамдық көліктерде, орманда, далада, өзенде немесе көлде кездесетін мәселе болып табылады. Қоқыс төгетін орындардың тез көбеюі, қалдықтардың құрамына байланысты табиғатта ұзақ сақталуы, табиғатқа өз әсерін тигізеді. Сондықтан да көптеген елдерде қалдықтарды төгу мәселесі өзекті мәселелердің бірі. Осыған байланысты, қоқысты қайта өңдеудің жаңа технологияларын іздеу арқылы ғана емес, экологиялық тәрбие беру арқылы «қоқыс» өңдеу мәдениетін қалыптастыра аламыз. Сонымен қатар, біз мұны неғұрлым ерте экологиялық тәрбие беруден бастасақ, жаңа мінез-құлық мәдениетімен ұрпақ қалыптастыру мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады. Бірақ кіші жастағы баланың мінез-құлқы саналы, әрекетке ынталы болуы керек. Ересектердің басшылығымен балалар балабақшаның айналасының жинастыра отырып, қоқысқа орманда, алаңда, қалада орын жоқ деген қорытындыны өз бетінше түсіне білуі тиіс.

Қоқыс жинау тек экологиялық тұрғыдан дұрыс әрекет қана емес, сонымен қатар адамның жауапкершілігі болып табылады. Қоқысты қалай дұрыс сұрыптау керек екенін білетін балалардың қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауы дамиды. Бұл дағды баланың бойында қалыптасады және олар экологиялық бастаманың белсенді қатысушылары болады.

Қоқысты сұрыптау - қоршаған ортаға экологиялық жүктемені азайтудың бір жолы болып табылады. Балаларды қоқысты сұрыптауға ересектердің: ата-аналар мен педагогтердің күш-жігерін біріктіру арқылы үйретуге болады. Ең бастысы ата-аналардың үлгісі болуы керек, өйткені отбасынан алынған әдеттер, білім, дағдылар баланың болашақта орындайтын әрекеттерін анықтайды.

*Ата-аналарға арналған ұсынымдар.*

Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие берудің бастапқы кезеңінде балаларға:

- ата-анадан қажет емес нәрсені сатып алуды сұрамауын;
- әлі де пайдалануға болатын заттарды қоқысқа тастамауын, қажет емес, бірақ «жақсы заттарды» мұқтаж достарына беруін немесе қайырымдылық қорына тапсыруды;
- көптеген өнімдер мен заттардың ішінен - пайдалы, табиғи қабығы бар заттарды таңдауды;
- қағаздың екі жағына сурет салуын, оны толығымен қолдануды, егер сурет ойдағыдай шықпаса, қағаздан бұйымдар жасауды;
- элементтерді ортасынан емес, шетінен бастап қию арқылы қағазды үнемдеуді;
- қарындаштарды сатып алғанда, оларды пластик емес, қағаз қораптарда болуына назар аударуды, қарындаштармен сурет салуды;
- ата-анасынан ағаш ойыншықтар мен басқа да төзімді табиғи материалдардан жасалған заттарды сатып алуын сұрауды түсіндіру қажет.

Сонымен қатар балаларға қауіпті заттардың: батареялар, электр тауарларының, техника қалдықтарының, сынап құрылғыларының адам денсаулығына өте жағымсыз әсерін түсіндіру қажет. Бір реттік қағаз бен пластик

ыдыстарды аз пайдалану, шыны бөтелкелер мен банкалардағы сусындарды сатып алмау туралы балаларға түсіндіру керек.

Мектеп жасына дейінгі балаларға қоқыстарды сұрыптауды үйрену үшін пәтерде немесе үйде бар заттармен ойын ойнау ұсынылады (түрлі-түсті шелектер, жәшіктер немесе контейнерлер қою; балалар алюминий, қағаз және картон, шыны, металдар, синтетикалық материалдар, биологиялық қоқыс, батареялар жинай алады). Егер заттарды жіктеп, оларды ұстап көру арқылы ойынды күрделендіруге болады.

Баланың бөлмесін заттардың жасалған материалы бойынша сұрыптау арқылы ретке келтіру.

Балаларға Жер шарындағы тазалықты үнемі қадағалап отыратын Тәртіпке шақыратын ханшайымы туралы әңгіме айту ұсынылады. Ол қоқысты қайта өңдеумен айналысады (энергия алу үшін қалдықтарды жағу, қағаздан қағаз бұйымдарын жасау, металл сынықтарын қайта өңдеу, жол салу үшін шлактарды жағу кезінде пайда болатын заттарды пайдалану) және заттарды сұрыптауға балалардан көмек сұрайды.

Балалармен табиғат пен экология туралы фильмдер мен бейнероликтерді қарау ұсынылады.

Балалармен бірге қиял-ғажайып әңгімелер жазуға тырысу (мысалы, әртүрлі қоқыстарды жинайтын немесе қағаз қоқыстарынан жаңа кітаптар жасайтын ертегі кейіпкерлері туралы (сынған әйнектен – Ханшайымға арналған аяқ киім) немесе орманда тәртіп орнатқан және т.б.), алынған оқиғаны жазып, осы оқиғаны рөлде ойнау ұсынылады.

Балалар сюжетті-рөлдік ойындарды ұнатады, ол үшін азық-түлік дүкенін ашу қажет. Балаларға сауда орталығында олардың қасиеттеріне, пайдалылығына, жаңа түскен өнім екеніне, бағасына, қаптамасына қызығушылық танытып, қанша өнім сатып алу керектігін түсіндіру ұсынылады. Балаларға табиғатты қорғау бағытында ертегілер оқып беру қажет.

Интерактивті хайуанаттар бағына саяхат. Ғаламтор кеңістігінде суреттердегі жануарлар емес, үйде күтім жасауға болатын 3D кескінді жануарларды кездестіру, көру және тамақтандыру мүмкіндігі, баланың оларға деген қамқорлық көзқарасын дамыту ұсынылады.

Азық-түлік қалдықтарын (органикалық қоқыс) тиімді пайдалану қажет. Егер сізде бақша немесе саяжай болса, тамақ қалдықтарынан өсімдіктерге арналған табиғи органикалық тыңайтқыш жасауға болады. Қалдық көкөністер мен жемістерді өңдеудің қарапайым және пайдалы әдісі туралы балаларға айту қажет. Еңбекке баулу баланың иммунитетін нығайтады және оның көңіл-күйін жақсартады.

Балалармен бірге бүгінгі күннен бастап қоқыстарды сұрыптап, қайта өңдейтін болсақ, болашақта жер шарында жаңа қоқыс төгетін орындардың орнына гүлзарлардың, таза су қоймаларының пайда болуы мүмкін және ол ұрпақтың дені сау болып өсуіне септігін тигізеді.

## МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРҒА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУ БОЙЫНША МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ

Уақытын табиғатта өткізетін және экологиялық жобаларға қатысатын балалардың бойында табиғатқа қамқорлық таныту сезімі дамиды. Олар қоршаған әлемнің сұлулығын бағалауды және оған ұқыпты қарауды үйренеді. Бұл болашақта табиғатты қорғайтын экологиялық тұрғыдан сауатты ұрпақты тәрбиелеуге ықпал етеді.

**Алматы облысы, Қонаев қаласы, «Ақдидар» балабақшасының педагогикалық ұжымы** тәрбиеленушілердің ата-аналарымен бірге кейін жұмыста қолдану үшін қалдық заттардан пайдалы әрі қызықты заттар мен қолөнер бұйымдарын жасайды. Балабақшада «Көңілді қақпақтар», «Киндер ойыншықтары», «Алтын сақа» және т. б. акциялар ұйымдастырылды.

Мысалы, «Көңілді қақпақтар» акциясын өткізуде педагогтер пластикалық бөтелкелер мен дымқыл майлықтардың қақпақтарын жинап, олардан массажды кілемдер, дидактикалық ойындар, көрнекі материал және т. б. дайындады.

**Қызылорда қаласы бойынша «Сыр бөбегі» бөбекжай - бақшасы «Жасыл балабақша» пилоттық жобасына қатысушы болып табылады.** «Жасыл балабақша» пилоттық жобасы арқылы балабақша тәрбиеленушілеріне 7 бағыт бойынша экологиялық тәрбие беріледі. Көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді, оның ішінде: өсімдіктерге күтім жасау; жарық пен су көздерін үнемдеу; табиғаттың ластануын болдырмау; қалдықтарды сұрыптау; балалардың жасаған жұмыстарын жарнамалау; дұрыс тамақтануға тәрбиелеу; салауатты өмір салтын ұстану дағдылары.

Балабақшада «ECOLAB», «Өлкетану» кабинеттері және «Жасыл әлем» орталығы ашылды, сондай-ақ балабақша аумағында «Аула жылыжайы» бар.

«ECOLAB» кабинетінде балалар жасына сәйкес тұқымдарды зерттейді, оларды үй жағдайында отырғызады, көшеттерді байлайды, олардың өсу ретін бақылап, оларға күтім жасады. Тәрбиеленушілер тәрбиешілермен бірге өскен көшеттерді жылыжайға отырғызып, кейін піскен өнімді өздері жинап, ас мәзірінде аспаздар оларды қолданады.

«Өлкетану» кабинетінде тәрбиеленушілер Қызылорда облысында өсетін дәнді дақылдар, тұқымдар, өсімдіктер және оларға қалай күтім жасау туралы біледі, ал «Жасыл әлем» орталығында тәрбиеленушілер гүлдерді көбейтіп, оларға күтім жасауды үйренеді. Сондай-ақ, зерттеу әрекетін жүргізу мақсатында табиғи құбылыстар мен ауа-райын зерттеу және бақылау үшін балабақша педагогтері «МЕТЕО-аялдама» алаңын құрып, іске қосты. Мұнда тәрбиеленушілер ауа-райын, жауған жаңбыр мөлшерін, бұлт түрлерін, желдің соғу бағытын және басқа құбылыстарды зерттейді.

Сонымен қатар, «ECOLAB», «Өлкетану» кабинеттерінде, «Жасыл әлем» орталығында және «МЕТЕО-аялдама» алаңында балалар әрекет түрлерімен айналыса отырып, еңбекке баулу міндеттері іске асырылады.

<https://youtu.be/HXzE6Y6HIQk?si=n9q8-ppEMS-WLUtT>



Әр отбасы күн сайын көптеген қоқыстарды шығарады: пластикалық бөтелкелер, шырын қаптамалары, киндерлердің капсулалары, пластмасса қақпақтар және т.б. Бұл қалдық заттардың көпшілігінен қолдан жаңа бұйым жасауға болады.

Қалдық материалдан құрастыру – балаларға бұрын пайдаланылған заттардан жаңа және қызықты нәрсе жасауға болатынын көрсетудің тамаша тәсілі. Пайдаланылған пластикалық бөтелкелерді, шырын қораптарын, тығындарды және т.б. қоқысқа тастамай, табиғатты ластамай, олардан ойыншық немесе пайдалы зат жасауға болады.

**Астана қаласы «Аққу» балабақшасының педагогтері** осы бағыт бойынша ата-аналармен бірге жұмыс жүргізуде. Мысалы, қалдықтардан бірге пайдалы заттар жасайды. Осыған байланысты осы мектепке дейінгі ұйымда «Түрлі-түсті қақпақтар», «Пластиктен жасалған ойыншықтар» акциялары ұйымдастырылды.

«Түрлі-түсті қақпақтар» акциясында әртүрлі пластикалық сусындардың қақпақтарын, банкалардың капрон қақпақтарын жинап, массаж кілемдерін жасайды, күнделікті жұмыста қолданылатын дидактикалық ойындарды әзірлейді.

«Пластиктен жасалған ойыншықтар» акциясында тәрбиеленушілер ата-аналарымен бірге пайдаланылған пластикалық бөтелкелер мен капрон қақпақтардан «жаңа ойыншықтар» жасайды <https://cloud.mail.ru/public/8DRF/tFUTfv8BZ>.

Сондай-ақ, бұл балабақшада аквапоника әдісі қолданылады. Бұл химиялық тыңайтқыштарды қоспай, суды немесе сүзгіні тастамай-ақ аквамәдениет пен гидропониканың ең жақсы атрибуттарын қолданатын экологиялық таза әдіс.

Балабақшада аквапоника жүйесін орнату - оңтайлы жұмыс істеудің жақсы әдісі. Азот циклі тек пайда әкеліп қана қоймайды, сонымен қатар, балық қорын толықтырады <https://cloud.mail.ru/public/6Rk1/rpy188wAR>.

Табиғат құбылыстары мен ауа-райын зерттеу және бақылау үшін балабақша педагогтері «МЕТЕО-АЛАҢ» құрды <https://cloud.mail.ru/public/tyZd/CNEmnU4u3>.

**Жамбыл облысы, Тараз қаласы №33 «Айсәуле» балабақшасында** «ЭКОМИР» зертханасы, «ECOLAB» бұрыштары, жылыжай ашылды, аулада «ЭКОКАБИНЕТ» жұмыс жасайды, онда тәрбиеленушілер қоршаған орта мен табиғат құбылыстарын бақылайды және зерттейді, түрлі эксперименттер жүргізеді. Сондай-ақ, балабақшада «АКВАПОНИКА», «ФЛОРАРИУМ» ЖӘНЕ «МЕНИҢ ТУҒАН ӨЛКЕМ» жобалары іске қосылды.

Осы жобалар аясында балалар тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылайды және түсінеді; заттарға тән белгілерін талдайды, салыстырады, ажыратады. Балалар өсімдіктерге күтім жасау әдістерімен танысады, таныс материалдармен өз бетінше тәжірибе жасайды <https://www.youtube.com/watch?v=kR2ydsSRro4>.

**БҚО, Тасқала ауданы «Бөбек» бөбекжайында** ата-аналармен макулатураны қайта өңдеу жобасы ұйымдастырылды. Қағаз балалар

шығармашылығы үшін ең қол жетімді және кең таралған материал. Мектеп жасына дейінгі балаларға қағазды үнемді жұмсаудың маңыздылығы, оны қайта пайдалану жолдары көрсетілді.

Жобаны жүзеге асыру үшін зерттеу жұмыстарын жүргізуге қажетті әдістемелік материалдар, жабдықтар таңдалып алынды, ата-аналарға түсіндіру жұмыстары, сауалнама жүргізілді.

«Макулатура тапсырыңыз», «Ағаштарды сақтаңыз», «Кітаптар ауруханасы» акциялары ұйымастырылды. Қағазды үнемді жұмсау тақырыбында үгіт-насихат постері, қағазға арналған қоқыс контейнеріне макулатураны жинау бұрышы жасақталды.

Қағазбен тәжірибе жасау, қағаздың басқа заттардан айырмашылығын көрсететін эксперименттер жүргізілді. «Кітаптар ауруханасы» акциясында жыртылған кітаптарды өңдеп, қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, сондай-ақ, «Қағазға екінші өмір сыйлаймыз» тақырыбы бойынша топтарда қағаздардан дидактикалық ойындар әзірленді

<https://www.youtube.com/watch?v=fpHzzRhmRHE>.

**БҚО, Орал қаласы №48 «Мұрагер» бөбекжайы** 2017 жылдан бастап «ЭКО балабақша» жобасы бойынша жұмыс жүргізуде. Жоба аясында баланың табиғатпен тығыз байланыста болуы, табиғатқа қамқорлық жасау міндеттері көзделеді.

Осы жоба аясында ата-анамен үштік одақ құра отырып, «Бау-бақша береке бастауы» экологиялық бағыт бойынша ертегі, «Кемеңгер әкелер», «Экологиялық ойындар», «Кішкентай зерттеушілер» атты жоба жұмыстары жүзеге асырылуда. Балабақша ауласында жылыжай жасақталды, «МЕТЕОаймақ» орнатылды, зертхана ашылып, қажетті ресурстармен жабдықталды

<https://www.youtube.com/watch?v=zYDsfSS9EcE> .

## ҚОРЫТЫНДЫ

Экологиялық тәрбие тұлғаның базалық негіздерінің бірі ретінде мектеп жасына дейінгі баланың рухани-адамгершілік санасы мен табиғатқа эмоционалды айқын көзқарасының қалыптасуын білдіреді. Балаларға табиғаттың маңыздылығын сезінуге, тіршілік иелерінің әсемдігін, өзіндік құндылығын түсінуге көмектесу керек. Балалардың табиғатты күтуге деген белсенді ұмтылысы тірі табиғатқа қамқорлық жасаудың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Күтім процесінде балалар табиғаттағы өсімдіктер мен жануарлардың жайы адам еңбегіне байланыстылығын көрнекі түрде қадағалап, біртіндеп түсіне бастайды. Табиғатқа қарым – қатынасты әсемдікпен эстетикамен теңестіру қажет. Педагогтер мен психологтер табиғатқа қарым – қатынасты тәрбиелеуде баланың эмоциясы мен әсемдікті қабылдауы дүниетанымы өзара байланысты деп тұжырымдайды. Сонымен қатар эстетикасыз табиғи құбылыстарды танып, толығымен меңгеру мүмкін емес деп атап көрсетеді.

Мектеп жасына дейінгі балалар нормалар мен ережелерді, сондай-ақ экологиялық сипаттағы шектеулерді меңгере алады. Баланың табиғатқа деген моральдық ұстанымы экологиялық жағдайлардағы мінез-құлықта, жанашырлық сезімі арқылы байқалады. Балаларды табиғаттағы мінез-құлық ережелерімен оның сақталуы мен қорғалуын ескере отырып таныстыру қажет. Мектеп жасына дейінгі балалар тұлғаның экологиялық мәдениетінің ажырамас бөлігі болып табылатын экологиялық дағдылар жүйесін меңгереді.

Экологиялық тәрбиенің жалпы мақсатында бала психологиясының даму ерекшеліктеріне сүйене отырып, мектепке дейінгі жаста экологиялық мәдениеттің негізін қалауға болатындығы жазылған. Осы кезеңде таңқаларлық, бейнелі эмоционалды әсерлер, алғашқы табиғатты тану түсініктері, қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауы және ондағы құндылық бағдардың бастапқы негізі қалыптасады.

Мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру бойынша әдістемелік ұсынымдар адамның табиғатқа және қоршаған ортаға жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру ерекшеліктеріне, педагогтер мен ата-аналарға арналған.

Бұл әдістемелік ұсынымдарда мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері қарастырылған; экологиялық бағыттағы әрекет түрлері мен отбасында мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жүйесі сипатталған.

Мектепке дейінгі ұйымда мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру бойынша кешенді жұмыс олардың дамуының маңызды аспектісі болып табылады, ол экологиялық сананың қалыптасуымен, табиғатқа және салауатты өмір салтына жауапкершілікпен қараумен сипатталады. Мектепке дейінгі ұйым балалардың психологиялық санасын қалыптастыруда және табиғатқа жауапкершілікпен қарауында шешуші рөл атқарады.

## ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы – : <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>
2. Үлгілік оқу жоспарлары : ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1200008275>
3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы №422 бұйрығы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1600014235>
4. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысы. – <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000137>
5. Николаева С.Н. Методика экологического воспитания дошкольников: Учеб. пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений. – 2-е изд., испр. — М.: Издательский центр «Академия», 2001. – 184 с.
6. Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Социально-эмоциональное дошкольное воспитание и интеллектуальное развитие ребенка // Обществознание и социальная психология. – 2023. – № 5 (49). – С. 806-810. – [https://drive.google.com/file/d/1q4P6Kmg9Opx\\_xtCfjZ97IQ79A\\_rZ40nR/view?usp=share\\_link](https://drive.google.com/file/d/1q4P6Kmg9Opx_xtCfjZ97IQ79A_rZ40nR/view?usp=share_link)
7. Суркина С.А. Экологическое образование дошкольников: учебное пособие. – Саратов: Изд-во «Саратовский источник», 2011. – 103 с.
8. Жиенбаева С.Н., Исаева Ж.К., Адамова М.Е. Система и условия подготовки педагогов дошкольного образования в Казахстане // Научный аспект. – 2023. – <https://na-journal.ru/11-2023-pedagogika/6692-sistema-i-usloviya-podgotovki->

## МАЗМҰНЫ

1	Түсіндірме жазба	3
2	Кіріспе	4
3	Табиғатта тәрбиеленушілердің экологиялық санасы мен мінез - құлық мәдениетін қалыптастыру	6
4	Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру әдістері мен тәсілдері	13
5	«Қоқысты» сұрыптау мәдениетін қалыптастыру	15
6	Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие Беру бойынша мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибесі	18
7	Қорытынды	19
8	Қолданылған әдебиеттер тізімі	20

